

ГАЗЕТ 2001 ЖЫЛДЫҢ 2 СӘУІРІНЕН
БАСТАП ШЫҒА БАСТАДЫ

С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің газеті



www.psu.kz

БІЛІК

№ 8 (142)

25 шілде, ұлу жылы 2012

ҒАЛЫМ ОЙЫ



А.Қ. ТҰРЫШЕВ,
филология ғылымдарының докторы, профессор

ҚМДБ (Қазақстан мұсылмандарының діни басқармасы) және Орта Азия мұфтилер кеңесінің төрағасы, Бас мұфти, шейх Әбсаттар қажы Дербісәлінің министрліктер мен түрлі сала жетекшілеріне, облыс, қала, аудан басшыларына, кәсіпкерлер мен жалпы ел халқына қасиетті Рамазан айына байланысты үндеуі Алла тағаланың парыз еткен құлшылықтарының

РАМАЗАНДА САУАПТЫ ІС ЖАСАУҒА АСЫҒАЙЫҚ

бірі болған оразаның 1 айы тек құлшылық ғана емес, бұл бір айда жаратушы иемізге мойынсұнып жасайтын барлық игілікті іс-шараларымыз біздің береке-бірлігімізді одан ары арттырып, Ел Тәуелсіздігі мен халықтар достастығын нығайтуға, Отанымыздың тыныштығы мен татулығын сақтауға зор үлесін қосатын ай ретінде сезінуге шақырады.

Бас мұфти қасиетті Рамазан айында жасайтын біздің игі істеріміз екі дүниеде берекесін беріп, сауабы өзге айларға қарағанда еселеп артатынын ескерте келе, сауапты амалдар мен халыққа жақсылық жасаудың осынау орайлы сәтін пайдаланып қалуға шақыруы өзін мұсылманмен деп сезінетін әрбір адамды ойландыруға тиіс. Мәселен, түрлі мекемелер мен кәсіпкер мұсылман бауырларымызға арнап:

- Азық-түліктің,
- Қонақ үйлер мен қоғамдық қызметтердің,
- Киім – кешектің,
- Құрылыс заттарының,
- Жанар – жағар майдың,
- Мектеп формасы мен оқулықтарының,
- Демалыс лагерлері мен шипажайлардың
- Мейрамханалар мен асханалардың бағасын 10 пайызға түсіріп жеңілдік жасауға
- Қоғамдық көліктерде жүру ақысы,
- Коммуналдық қызмет төлемақылары мен байланыс тарифтері де төмендетіліп,
- Өздерінің өнімдерінің бағасын 10-30 пайызға дейін арзандатса деген игі бастамаларға шақырыпты. Сонымен қатар, қасиетті айда Алла тағаланың ашуы мен қаһарын тудыруға себепші – арақ-шараптан, дініміз тиым салған басқа да харам істерден аулақ болайық депті.

Бұл енді халықтың көкейіндегі ой. Сондай-ақ, ата-бабамыздан бері тұтынып келе жатқан дәстүрлі Ислам дінін дамытып, оны әрбір азаматтың өміріндегі күнделікті дағдысына айналдыру үшін де дініміздің дәл осындай құндылықтарын халықтың санасына сіңіре білуіміз керек.

Бір сөзбен айтқанда, Бас мұфтидің бұл үндеуі Ислам адамгершілігінің, мәдениетінің біздің өмірімізге енгізіп, қалыптастыратын аса үлкен құндылықтарының жаршысы деп есептеймін.

Ардақты Пайғамбарымыздан (с.ғ.с.) күнә мен қайырымдылық жөнінде сұраған кезде былай деп жауап беріпті: «**Жүрегіңді тыңда, қайырымдылық жаныңды жадыратады, жүрегің тыныштанады, ал күнә жаныңды жараласа, кеудеңді тынышсыздық мазалайды, адамдарға не жасасаң, олар саған да соны жасайды**» (Әл –Һайсуми, Абу Нағим, ат-Табарани) Сонымен қоса, Ол (с.ғ.с.) «**Алла сендердің суреттерің мен түрлеріңе емес, істерің мен жүректеріңе қарайды**» (әл Бұхари, Мұслим)- деп те айтады. Ендеше қазіргі қоғамда ескелең ұрпағымыз оң мен солын дұрыс ажыратуы үшін, олардың айналасындағы болып жатқан өзгерістердің сыртқы көрінісіне қарап адасып қалмауы үшін және олардың қоғам алдындағы ар-ұжданын оятып, ой-санасын кеңейтіп, өмірде бой көрсетіп жатқан терроризм мен экстремизм сияқты жаман әрекеттердің жетегінде кетіп қалмауы үшін аға буын біздердің қасиетті дініміздің осындай қайырымдылық, адамгершілік құндылықтарын насихаттап, іс жүзінде жүзеге асырып көрсете білуіміз қажет.



3 бетте

**АМЕРИКАНСКИЕ
КАДЕТЫ - В ПГУ**



3G ДЕГЕНІМІЗ НЕ?

5 бетте



6 бетте

**БІРЛІГІ
ЖАРАСҚАН ҰЖЫМ**



**ПИРАМИДЫ:
ЗАГАДКА ДРЕВНОСТИ**



11 бетте



ВЫПУСКНИК - 2012

4 июля в концертном зале ПГУ им. С. Торайгырова состоялась торжественная церемония вручения дипломов выпускникам-отличникам учебы.

В торжественной обстановке были награждены выпускники бакалавриата, которые в течение всего времени обучения в ПГУ им. С. Торайгырова показали отличные результаты в процессе освоения учебных дисциплин.

Каждый студент получил диплом особого образца из рук первого проректора – проректора по стратегическому планированию, социальной и воспитательной работе ПГУ им. С. Торайгырова Шаймарданова Жасулана Кудайбергеновича.

«Сегодня очень важный день для каждого из вас, – сказал в приветственном слове Ж.К.Шаймарданов. – Наступает очередной этап в жизни: вы покидаете стены вуза, становитесь взрослыми. Каждый из вас оканчивает университет, который внес большой вклад

в развитие павлодарского региона и всего Казахстана в целом. В свое время ваши отцы находились в числе выпускников ПГУ – это те люди, которые, можно сказать, подняли Павлодар, сделали его процветающим городом. Надеюсь, вы будете достойными последователями своих отцов, и через несколько лет мы, работники вуза, с гордостью будем вспоминать о наших выпускниках. Спасибо вашим родителями и преподавателям, благодаря которым вы сформировались как личности, как студенческая элита, представляющая лицо ПГУ. Впереди у вас, уверен – длинная счастливая жизнь, ведь будущее Казахстана в ваших руках».

Также в рамках мероприятия благодарственными письмами были награждены выпускники ПГУ им. С. Торайгырова, показавшие отличные результаты в спортивной, творческой и общественной жизни павлодарского региона и республики.

Светлана ҚАБИДЕН



МАСТЕР-КЛАСС от «Macmillan Publishers»

В Павлодарском государственном университете им. С. Торайгырова представитель британского издательства «Macmillan Publishers» в Казахстане Сымбат Берикова провела семинар для преподавателей и школьных учителей иностранного языка.



В состоявшемся 4 июля мероприятии приняли участие представители павлодарских вузов, а также учителя городских и сельских школ области.

Издательство «Macmillan Publishers» является одним из крупнейших, старейших и наиболее известных в мире издательств. На сегодняшний день «Macmillan» имеет широкую сеть представительств более чем в 80 странах мира. Издательство специализируется на выпуске широкого спектра учебной литературы для изучающих английский язык. С 1998 года «Macmillan Publishers» имеет представительство в Республике Казахстан.

Специалист «Macmillan» в Казахстане С. Берикова в ходе семинара представила продукцию издательства для всех уровней владения языком, рассказала о пре-

имуществах изданий «Macmillan Publishers» по сравнению с другими издательствами.

В практической части семинара представитель британского издательства провела для преподавателей и учителей тренинг, в котором подробно были раскрыты особенности планирования уроков иностранного языка. Также вниманию участников семинара были представлены игры и другие виды заданий для студентов и школьников, призванные обеспечить скорейшее овладение иностранным языком.

В заключительной части мероприятия присутствующие на тренинге преподаватели и учителя получили сертификаты участия в семинаре, а также продукцию издательства «Macmillan Publishers».

Руфина ТОРПИЩЕВА

АМЕРИКАНСКИЕ КАДЕТЫ – В ПГУ

В ПГУ имени С. Торайгырова встретились павлодарские дети – участники программы Посольства Соединенных Штатов Америки English Acces Microscholarship Program и кадеты Военной Академии США.

ДЕТЯМ МИРА – РАВНЫЙ ДОСТУП К ОБРАЗОВАНИЮ

С 2009 года ПГУ им. С. Торайгырова является базой для осуществления в Павлодаре программы English Acces Microscholarship Program. Она действует в рамках договора с Посольством США в Республике Казахстан. Ее цель – поддержка детей из социально-уязвимых семей.

Следуя стратегии программы «Равный доступ к образованию», представители университета ежегодно осуществляют набор детей для участия в English Acces Microscholarship Program. За период действия программы ее участниками стали более 80 детей из малообеспеченных семей в возрасте 14-16 лет.

Профессорско-преподавательский состав кафедры иностранной филологии ПГУ обеспечивает подготовку детей по английскому языку в количестве 440 часов за весь период обучения – это два академических года.

Процесс обучения не ограничивается занятиями в аудиториях: ежегодно ПГУ открывает 3-х недельный летний языковой лагерь. Дети участвуют в мероприятиях на свежем воздухе, ближе знакомятся друг с другом, общаются на разные темы, что дает возможность постигать иностранный язык в атмосфере непринужденности.

Вообще же участники программы не только изучают английский язык, но и знакомятся с американской культурой, историей США, государственными символами.

По итогам обучения каждому участнику вручается именной сертификат программы English Acces Microscholarship Program, свидетельствующий об уровне знания английского языка.

По мнению провайдера проекта, зав. кафедрой иностранной филологии А.К. Каирбаевой, участие в English Acces Microscholarship Program помогает детям не столько овладеть иностранным языком, сколько расширить кругозор знаний, позволяющий определить дальнейший жизненный путь, ведь «человек столько раз человек, сколько языков он знает».

КУЛЬТУРНЫЙ ДИАЛОГ

Одна из самых больших радостей для детей-участников программы – увидеть воочию носителей языка и культуры, пообщаться с ними. И замечательно, что English Acces Microscholarship Program предусматривает регулярный проезд гостей из Соединенных Штатов Америки.

27 июня состоялся визит в Павлодар г-на Гарольда Самьюэлса, который является региональным директором программы английского языка в Центральной Азии от Посольства США в Казахстане, а также десяти кадетов Военной Академии США под руководством офицера кадетского корпуса университета Норуик Джимми Андерсона. Павлодар – первый после Астаны город в Казахстане, который посетили гости из США. Они планируют посетить еще 4 казахстанских города-участника English Acces Microscholarship Program.



Все кадеты, чтобы побывать в нашей стране, прошли у себя на родине серьезный конкурсный отбор. Каждый из них из большого списка стран выбрал именно Казахстан, у каждого из кадетов была цель увидеть именно эту страну, познакомиться с ее культурой, природой, пообщаться с живущими в стране людьми.

«Поначало я хотел выбрать для поездки Россию, – признается один из гостей-кадетов. – Однако, прочитав в Интернете про вашу Республику, посмотрев фильмы, аудиозаписи, я понял, что Казахстан – страна, где соединяются лучшие традиции Азии и Европы; здесь я сумею разом познакомиться с европейским и азиатским культурным наследием. Поэтому я выбрал Казахстан».

К слову, каждый из прибывших в Павлодар кадетов на встрече в ПГУ им. С. Торайгырова с участниками программы English Acces Microscholarship Program подготовил презентацию, в которой кратко рассказал о себе и своих родных, о своих интересах и увлечениях, о том, почему он выбрал для путешествия именно Республику Казахстан.

Юные павлодарские участники English Acces Microscholarship Program, в свою очередь, представили вниманию гостей разнообразные номера,


раскрывающие богатую культуру нашей страны: казахские народные танцы, народные обычаи, национальные игры, также гости отведали национальные казахские блюда и напитки: бешбармак, кзы, баурсаки, кумыс, шубат.

Гости были в восторге от оказанного приема: «Прежде, чем отправиться в поездку, мы много читали о Казахстане, изучали справочную литературу. Сегодня мы убедились, что наша страна, опираясь на опыт ведущих стран мира и быстрыми темпами экономически развиваясь, в то же время не забывает и о родной культуре, хранит ее, преумножает и передает потомкам. Это является прекрасным примером для других развивающихся стран».

Американские гости и павлодарские участники English Acces Microscholarship Program участвовали также в совместных спортивных и развлекательных мероприятиях. За время визита юные представители двух культур – казахстанской и американской – сдружились, узнали друг о друге много интересного, обменялись контактами.

Итогом четырехдневного пребывания американской делегации в Павлодаре стало вручение г-ном Самьюэлсом языковых сертификатов участникам программы English Acces Microscholarship Program.

Дмитрий ЛАРИОНОВ



АМЕРИКАНСКИЙ СПЕЦИАЛИСТ – О МЕХАНИЗМАХ ФОРМИРОВАНИЯ ИННОВАЦИЙ

10 июля 2012 года американский профессор Джордж Гамота провел в ПГУ им. С. Торайғырова лекцию на тему «Инновации: из лаборатории на рынок» для студентов и преподавателей университета.

Джордж Гамота является экспертом по развитию научно-исследовательской и опытно-конструкторской деятельности. Он имеет многолетний опыт работы в области науки и технологий, развития бизнеса, коммерциализации технологий в высшем образовании. Джордж Гамота руководил научно-исследовательским институтом и рядом инновационных компаний. Он является автором множества публикаций по разработке технологий и развитию инновационного бизнеса в США, Японии, Новой Зеландии и Украине. Американский профессор впервые в Казахстане и Павлодаре. «Мне доставляет огромное удовольствие присутствовать в вашем университете, – сказал профессор Гамота в приветствен-

ном слове. – Рад видеть молодых людей среди слушателей лекции, ведь молодежь – это будущее Казахстана, катализатор дальнейшего развития вашего государства». Лекция профессора «Инновации: из лаборатории на рынок» была посвящена механизмам формирования инноваций, т.е. успешному вхождению новых товаров или услуг на зарубежный или отечественный рынок. В первую очередь Джордж Гамота отметил роль правительства, культуры и системы образования в развитии инновационных проектов. По словам профессора, данные факторы способны как поощрять инновации, так и мешать их дальнейшему развитию. Профессор Гамота рассказал о традиционной модели развития инноваци-

онии, которая включает в себя этапы фундаментальных и прикладных исследований, исследовательской разработки, создания опытного образца и опытно-конструкторской разработки. Человек, руководящий инновационным проектом, по словам профессора, должен обладать качествами предпринимателя и уметь нестандартно мыслить. В заключении Джордж Гамота особо отметил роль высшего образования в развитии инновационных проектов. Высшее образование, по мысли профессора, выполняет поддерживающую роль и должно способствовать инновациям. При этом для профессорско-преподавательского состава университетов обязательен большой опыт практической работы.

АҚПАРАТ АЙДЫНЫ

КҮЗДЕ ТУҒАНДАР ҰЗАҚ ӨМІР СҮРЕДІ

Қыркүйек пен қараша айлары аралығында туған сәбилердің жүз жасау мүмкіндігі жоғары. Чикаго университеті дәрігерлерінің жұмырда жарық көрген зерттеуінің қорытындысы осындай.

Ғалым Леонид және Наталия Гавриловтар 1880-1895 жылдары АҚШ-та туылған 1500 адамның мәліметтеріне талдау жасаған. Бұл адамдардың бәрі – 100 жасағандар. Зерттеудің нәтижесінде олардың денінің күзде туылғаны белгілі болды. Сонымен бірге, аз ғана топтың наурыз, мамыр, шілде айларында туғаны есепке алынды. Гавриловтардың айтуынша, көктемгі инфекциялар адам денсаулығына кері әсер етеді. Сол себепті көктемде дүниеге келген сәбилердің жүз жасау ықтималдығы өте төмен. Ал ұзақ жасау үрдісі, негізінен, қыркүйек пен қараша айлары аралығында туған адамдар арасында байқалып отыр.

Алаш айнасы

КЛИМАТТЫҢ ЖЫЛУЫНАН ГРЕНЛАНДИЯДА АЛЫП МҰЗДЫҚ БӨЛІНІП ҚАЛДЫ

Аумағы екі Манхэттенді қамтитын алып мұз Гренландиядағы Петерман мұздығынан бөлініп қалды.

ИТАР-ТАСС хабарлағандай, көшпелі мұздың пайда болғанын америкалық спутниктер анықтаған. Бірнеше жыл бойы мұздыққа жарықшақ пайда болып, ол ғалымдардың назарында болған еді. Сөйтіп, кеше аумағы 120 шаршы шақырымдық алып көше мұз үлкен мұздықтан толықтай ажырады.

Ғалымдар мұндай құбылысты климаттың жылуымен байланыстырады, алайда өз ұйғарымдарын 100 пайыз нақтыламайды. Әйтсе де, мұндай көлемдегі мұздың бөлініп қалуы – алаңдатарлық мәселе. «Бұл – алаңдауға тұрарлық жайт, – деп мәлімдеді жарықшақты алғашқылардың бірі болып анықтаған Делавэр штаты университетінің профессоры Андреас Мунчоу. – Бізде соңғы 150 жылдың мәліметтері бар, ал бүгін біз бұрын болмаған өзгерістерге куә болып отырмыз».

Айта кетейік, екі жыл бұрын Петерман мұздығынан дәл осылай тағы бір көше мұз ажыраған еді. Оның аумағы тіпті үлкен – 260 шаршы шақырым болған.

Еуразия бірінші арнасы

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒАРЫШ СТАНСАСЫНДА ҚАУІПТІ МИКРООРГАНИЗМ ТАБЫЛДЫ

Халықаралық ғарыш стансасында қауіпті микроорганизм табылды, ол станса құрал-жабдықтарын істен шығаруы мүмкін, деп хабарлады Утро.ру.

Ресей ғылым академиясының вице-президенті Анатолий Григорьевтің айтуынша, осыған ұқсас қиындықтар бұған дейін «Мир» орбиталық стансасында да орын алған екен. «Бұлар тек металды ғана емес, сонымен бірге полимерді де бүлдіреді. Олар техниканың істен шығуына себеп болуы да мүмкін», – деп түсіндіреді РФА вице-президенті.

Айта кетерлігі, микроорганизмдердің ғарыш стансасында қайдан пайда болғандығы және олардың құрал-жабдықтарды қаншалықты зақымдайтындығы нақты айтылып отырған жоқ.

Марлан Жиёмбай
ҚазАқпарат

ИННОВАЦИОННЫЕ ПРОЕКТЫ СТУДЕНТОВ ПГУ – НА МЕЖДУНАРОДНОМ УРОВНЕ

Студенты Павлодарского государственного университета им. С. Торайғырова стали обладателями именных сертификатов по итогам Азиатского студенческого форума

С 27 по 30 июня в селе Ая Алтайского края на базе туристического комплекса «Стик-Тревел» прошел Азиатский студенческий форум «Образование без границ. Алтай – Азия 2012». Он был организован Алтайским государственным университетом (г. Барнаул, Российская Федерация) при поддержке ЮНЕСКО, Министерства образования и науки и Министерства иностранных дел Российской Федерации, Администрации Алтайского края и Евразийской ассоциации университетов. Этот форум проводится с целью консолидации университетов и институтов Азии и развития интеграционных процессов высшего образования, расширения границ международной академической мобильности и культурных связей на основе взаимодействия студенческих организаций России и азиатских стран. В мероприятии приняли участие 250 представителей 50 вузов России, Казахстана, Армении, Индии, Индонезии, Киргизии, Китая, Монголии, Сингапура и Южной Кореи.

В число участников форума «Алтай – Азия 2012» вошли студенты ПГУ им. С. Торайғырова Александр Антонцев (гр. АиУ-302) и Андрей Степаненко (гр. ИЯ-202(с)) под руководством специалиста Департамента инновационного развития и научных исследований ПГУ Акмарал Алимбаевой. В первый день работы Азиатского форума делегация каждого университета представила творческие номера, знакомящие с культурой и национальным своеобразием своих стран. Делегация нашего вуза показала номер, в котором раскрывалась суть казахского национального обряда «тусау кесу». Вообще представители казахстанских вузов особо запомнились участникам форума великолепным исполнением национальных танцев, песен и народных обычаев. Во второй и третий день работы форума на пяти дискуссионных площадках участники обсуждали актуальные вопросы образования, науки, культуры, здорового образа жизни, социального партнерства и социальной безопасности.

В рамках секции «Среда обитания: экологические проблемы современной Азии» студент энергетического факультета ПГУ им. С. Торайғырова Александр Антонцев представил инновационный проект «Перспективы использования возобновляемых источников энергии для нужд конечных потребителей». В проекте была предложена разработка по установке солнечных батарей в многоквартирных домах. Студент гуманитарно-педагогического факультета ПГУ Андрей Степаненко в своем стендовом проекте «Интерактивные методы обучения иностранным языкам; электронное учебное издание «Funny English» рассказал о методах обучения английскому языку на этапе младшей школы. Суть предложенной Андреем инновации заключается в том, что учитель, в зависимости от уровня знаний ученика, способен сам выстраивать особенности функционирования электронного учебного издания «Funny English».

В четвертый день состоялось Торжественное закрытие Азиатского Студенческого Форума «Образование без границ. Алтай – Азия 2012». Были подведены итоги конкурса студенческих научных работ. Студентам ПГУ им. С. Торайғырова за представленные проекты были вручены именные сертификаты, диплом университету, а также благодарственное письмо ректору вуза С. М. Омирбаеву.

По словам наших ребят, за время работы Азиатского форума они много чему научились в профессиональном плане: «На форуме поправилась атмосфера научного поиска и научного обмена. Каждый проект был интересен, поскольку представлял отдельное уникальное научное исследование. Время провели с пользой: помимо презентации собственных разработок, наладили дружеские отношения со студентами некоторых азиатских вузов», – говорят студенты ПГУ.

К слову, при Павлодарском государственном университете им. С. Торайғырова недавно открылся центр студенческих инновационных разработок «Concordia», в рамках работы которого планируется создание разнообразных hi-tech проектов.





ТАЛАПКЕРЛЕР ҮШІН

С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті техникалық, педагогикалық-гуманитарлық, жаратылыстану салаларында 61 мамандық бойынша кадрлар дайындайды.

Оқыту 9 факультетте жүргізіледі:

- Тарих және құқық факультеті
- Гуманитарлық-педагогикалық факультеті
- Физика, математика және ақпараттық технологиялар факультеті
- Химиялық технологиялар және жаратылыстану факультеті
- Агротехнологиялық факультеті
- Қаржы-экономикалық факультеті
- Сәулет және құрылыс факультеті
- Металлургия, машина жасау және көлік факультеті
- Энергетикалық факультеті

Мемлекеттік білім грантын беру конкурсына қатысуға өтінішті қабылдау мерзімі 23 шілдеден 31 шілдеге дейін.

Кешенді тестілеуге қатысу үшін талапкерлерге керек құжаттар:

1. белгіленген үлгідегі бланкіде өтініш
2. жалпы орта білім жөніндегі құжат (түпнұсқа)
3. мемлекеттік сертификат
4. мемлекеттік білім грантын иеленгендігі жөніндегі куәлік (қолда бар болса)
5. 3x4 көлеміндегі 6 фотосурет
6. 086-У нысанындағы медициналық анықтама (нарко, психдиспансер мөрімен), екеп картасының көшірмесі, флюорография (түпнұсқасы),
7. жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі
8. ақылы негізінде түсетіндер үшін келісім шарт
9. талапкерлердің жеке парағы
10. бауы бар папка, конверт

С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті колледжінде оқытылатын мамандар саны 18.

Түлектердің оқуға түсер кезінде қабылдау комиссиясына тапсыратын құжаттары:

- Өтініш
- білім туралы құжаты (түпнұсқа + көшірме)
- мемлекеттік сертификат (11 сынып үшін)
- жеке куәлігі немесе туу туралы куәлігі (көшірме)
- фото сурет 3x4 – 5 дана
- медициналық анықтама (086-У), (тубдиспансер, наркология, психдиспансер мөрімен), егілу картасы, флюорография суреті
- Мектептен мінездеме
- Жұмыс орнынан анықтама

Құжаттарды қабылдау мерзімі:
– күндізгі бөлім – 20 маусымнан 20 тамызға дейін
– сырттай бөлім – 20 маусымнан 20 қыркүйекке дейін

С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетіне сырттай оқуға колледжі бітірген үміткерлер ғана тапсыра алады. Тапсыратын құжаттар төмендегідей:

Студенттер қатарына қабылдауды жоғарғы оқу орының қабылдау комиссиясы 10-25 тамыз аралығында өткізеді (қабылдау үшін қажетті ең кемінде деңгей – 50 балл, оның ішінде бейінді пәннен кемінде 7 балл, әрбір шығармашылық емтихан бойынша кемінде 10 балл), қалған пәндер бойынша 4 балл болуы керек.

А. Сағидоллақызы, талапкер

МАМАНДЫҚТЫҢ ЖАМАНЫ ЖОҚ

Менің ойымша мамандық таңдау – жай ғана оқып, диплом ала салу емес, болашағыңды айқындау. Болашақта таңдап отырған мамандығым – ақпараттық жүйе. Қазіргі таңда сұранысқа ие мамандардың бірі деп ойлаймын. Өзім қалап түскеннен кейін бұл саланы еркін игеріп кете алатыныма сенемін. Ата-анам тарапынан ешқандай қарсылық болмады. Өйткені оларда қазіргі дамыған кезеңде керекті маман екенін жоққа шығармайды.

Негізі бала кездегі арманым – биші болсам дейтінмін. Мектеп қабырғасында қоғамдық жұмыстарға белсене араласып, мәдени іс-шаралардың өтуіне ұйтқы болатынмын. Содан болар биші болғым келгені. Бірақ, жоғарғы сыныпқа келген кезден бастап, бұл арманым өзгерді. Физика пәніне қызығушылығым артып, сол бағытта маман таңдауға кірістім. ХХІ ғасыр – ақпараттық технологиялардың заманы болғандықтан, елімізде бұл салаға деген сұраныс жоғары. Сол себепті – ақпараттық жүйе мамандығын таңдадым. Қазір кез-келген жұмысты алып қарасақ, компьютер және интернетсіз елестету мүмкін емес. Болашақта тек ақпараттық жүйені ғана игеріп қоймай, сайттармен де еркін түрде жұмыс істегім келеді.

К.А. Уәлиханұлы, талапкер

ЭЛЕКТРИК БОЛАМЫН

– Жақсы маман иесі болып жақсы өмір сүру әр адамның мақсаты. Бала кезімнен бергі арманым, екі мамандықтың иесі болу. Бірі – туризм, екіншісі – энергетика саласы.

Мектепте география пәнін қызығушылықпен оқитынмын. Сондықтан да, туризм саласы көп қызықтыратын. Ал, энергетика саласына деген көзқарас жоғары сыныптарда қалыптасты. Өйткені, елімізде энергетикаға деген тәуелділік артпаса кеміген емес. Сол себепті энергетик кадрларға сұраныс көп.

Екіншіден, еліміздегі бай (күн, жел) табиғи энергетика көздерін қолданысқа енгізуге болады. Ал оған жақсы мамандар қажет. Мен өз басым табиғи энергетика көздерін пайдалану жолдары жайлы көп ізденгенді қалаймын. Университетте осы бағытта көп ізденуге тырысамын.

Өз басым талапкер достарымды техникалық саланың маманы болуға үндеймін.

МАМАНДЫҚТЫ ТАҢДАУ – БОЛАШАҚТЫ ТАҢДАУ!



**«Менің келешек мамандығым!
Ел үшін еңбек етсең, халқың сүймек,
Біз үшін отқа, суға түсіп жүр деп.
Ер өлсе де, еңбегің ел өлтірмес,
Неше мың жыл өтсе де тарих білмек».**
С.Торайғыров

Биылғы жылы түлектердің 107545-і тестілеуден өтті. Оның 67745-і қазақ тілінде, 39800-і орыс тілінде тапсырды. Олардың 2647-і немесе 72% ұлттық бірыңғай тестілеуден жоғары ұпай жинап, «Алтын белгіге» лайық екендіктерін дәлелдеп шықты. Оның ішінде, 49-ы өзбек және ұйғыр тілінде оқытатын мектептердің бітірушілері. 43 мектеп бітіруші 125 балл жинады. 24277-і (22,57%) оқушы 50 баллдан төмен бал жинады. Десек те, мектеп бітірген әр түлектің алдында тағы бір маңызды қадам күтіп тұр. Ол – мамандық таңдау. Міне, жастар болашақ мамандық таңдауға салғырт. Соның салдарынан жұмыссыздыққа әкеп соқтыратынын ескере бермейді. Мысал келтіре кетсек, кереметтей белгілі жоғарғы оқу орындарынан білім алып, мамандық бойынша жұмыс істемей жүрген жастар қаншама? Бірі жалақының аздығын тілге тиек етсе, енді бірі мамандығы ұнамайтынын айтады. Болашаққа балта шаппас үшін мамандықты қазірден бастап дұрыс таңдаған абзал. Осы орайда талапкерлерді еңгімеге тартқан едік. Сен қандай мамандық таңдадың?

М.Қасен, талапкер

МАҚСАТЫМ – ТІЛШІ БОЛУ

– Болашақ мамандық таңдау өте ауыр екен. Қазір менің құрбыларымның кейбірі қандай мамандық таңдарын білмей жүр. Ал менің ойлаған мұратым, көздеген мақсатым бар. Ол – журналистика саласы. Өйткені, журналистика – төртінші билік, журналистика – қоғамның рухани тірегі, журналистика – мемлекеттің айнасы.

Бала кезімнен белгілі журналист болуды армандайтынмын. Әсіресе, тележурналист болғым келеді. Тележүргізуші аға-апаларымды көріп қатты еліктеймін. Оқушы кезімде журналист болу үшін не керектінің

бәрін білгім келіп, облыстық газет пен радиоларға жиі баратынмын. 10-11 сыныпта оқып жүргенде жергілікті телебағдарламаларға қатысып, экран алдындағы сөйлеу өдебіне машықтандым. Сонымен қатар, жазған өлеңдерімді, мақалаларымды газет-журналдарға жариялайтынмын. Осылайша мектеп қабырғасында жүргенде-ақ журналистика саласына бейімделдім.

Шоқан мен Абай, Мәшһүр Жүсіп пен Ахмет негізін салған қазақ баспасөзі бүгінде қарыштап дамып келеді. Осы сара жолдың белді өкілі болғым келеді.

Осындай мақсат қойып тілші мамандығын таңдағаным ата-анам қарсы болмай, ойымды құптап, мақсатыма қанат бітірді. Енді, журналистика мамандығына оқуға түсіп, тек ғана еңбектену қажет.



ҰЯЛЫ БАЙЛАНЫС ЖҮЙЕСІНДЕГІ 3G ДЕГЕНІМІЗ НЕ?

ҚАЗІРГІ УАҚЫТТА КӨПШІЛІК 3G БАЙЛАНЫС ЖҮЙЕСІН ҚАЛАЙ ТҮСІНЕДІ?

ДЕГЕНІМІЗ НЕ?

Шындығында көпшіліктің үшінші кезеңдегі ұялы байланыс туралы түсініктері аз, ал кейбіреулері тіпті де білмейді. Сондықтан да, 3G байланыс қызметі жайлы кеңірек тоқталып өтсек. Мобильді байланыстың үшінші буыны саналатын 3G (ағылшынның «third generation» сөзі – үшінші буын) – интернет желісі қызметін және мәліметтер пакетін жоғары жылдамдықпен қолжетімді ететін мобильді радиобайланыс технологиясы. Сонымен қоса, 3G байланысқа шыққан екі адамның радио толқындар арқылы тек сөйлесіп қана қоймай, бір-бірін видео арқылы көруге мүмкіндігі бар. 3G тағы бір артықшылығы интернетте жоғары жылдамдықпен жұмыс жасауға болады. Осы жерде «байланыстың бірінші және екінші кезеңі не деген?» сауал туындауы заңдылық. Сұрақтың мән-мағынасын ашу үшін, ұялы байланыстың қысқаша тарихына тоқталайық.

ТАРИХНАМА

Ең бірінші «ауыстырмалы тұтқалар» радиотелефондар болған, ұялы байланыстың ең бірінші байланыс жүйесі 1G болатын. Дәлірек айтқанда, NMT (Nordic Mobile telephone) стандартын жатқызамыз. Ол әлемдік сахнада 1981 жылы пайда болды. Артықшылығы ретінде оның жиілік диапазоны 450 МГц болды, яғни, бүркемелу аймағы да кең, сигнал барлық жерде қабылданды. Бірақ кемшіліктері де айтарлықтай көп еді. Мәселен, нөмірлер «тұтқаға» тігілген болды, яғни оларды ауыстыру мүмкіндігі болмады (тек тұтқаман болмаса). Радиотолқындар бойынша сіздің телефондық сұхбатыңызға бөтен адамдар араласуы мүмкін, не болмаса жасырын тыңдау ықтималдығы жоғары тұғын. Уақыт өте келе байланыс сапасын арттыру, қызмет көрсету аясын кеңейту қажеттіліктері туындады.

Осыған байланысты 1991 жылға ұялы байланыс жүйесінің екінші кезеңінің 2G пайда болуын жатқызамыз. Оған GSM (Global System for Mobile Communications) ретінде танымал стандарт жатады. Оның жиілік диапазоны бастапқыда 890-960, кейін 1800 МГц-ке дейін жетті. Сәйкесінше, бүркемелу аймағы да азайды, радиотолқындарды таратып-қабылдағыш мұнараларды көбірек орналастырудың арқасында бұл кемшілік те жойылды. Екінші кезеңдегі байланысты сандыққа көшіру

арқасында, дыбыс сапалырақ болып, сұхбаттардың құпиялылығы сақталды, телефондық аппараттардың кең таңдалымы пайда болды. Қазіргі уақытта GSM байланысы күнделікті өмірімізде бар болғандықтан, ұялы телефон иелері ол туралы жалпы түсініктерге ие. Енді үшінші кезеңдегі ұялы байланыс жүйесіне көшейік.

Үшінші кезеңде GSM стандартының орнын басу үшін 2001 жылы әлемде 2100 МГц жиілікте жұмыс істейтін екі стандарт пайда болды: UMTS (Universal Mobile Telecommunications System) және CDMA2000 (Code Division Multiple Access2000). Әрине, бүркемелеу аймағы одан сайын азайды. Бірақ оның орнына біз қандай мүмкіндіктерге ие болдық?

– біріншіден – видеосұхбаттасу мүмкіндігі;

– таратылатын дыбыстың керемет сапасы – дыбыстың жоғалып кетуі, сөздердің үзілуі, шуылдардың болуы енді орын алмайды;

– желі сыйымдылығы үлкейді, яғни желінің артық жүктелімді болу ықтималдығы азайды; Мысалы, Жаңа жылға қарай, тұрғындардың бірін-бірі бір уақытта құттықтау мүмкіндігі жоғарлады;

– мобильді аппараттардан сәуле шығаруы азайды;

– пакетті таратудың жоғарғы жылдамдығы, сонымен қоса ұсынылатын қызметтердің жоғары сапада және кең ауқымда болды.

УАҚЫТ ТАЛАБЫНА ЖАУАП БЕРЕТІН – 3G

3G дәлірек айтқанда CDMA2000 стандарты 2003 жылы АҚШ пен Азияда толығымен жұмысқа кірісті, бірақ оған бәсекелес UMTS стандарты Еуропада тәжірибелік жұмыстарын енді ғана бастаған болатын. Ресейге бұл жаңалық 2007 жылға қарай келді, кейін Қазақстанға да тарады.

Енді үшінші кезеңдегі ұялы байланыс жүйесінің Қазақстанға ендіру шежіресіне тоқталайық.

2010 жылдың 29 наурызынан бастап, Jet3G деген брендпен АО «Алтел» ұялы байланыс операторы CDMA технологиясы бойынша 3G қызметін ұсынды.

2010 жылдың 29 қараша «GSM Қазақстан» ЖШС (Kcell және Activ сауда маркалары) HSDPA қолдайтын үшінші кезең ұялы байланыс жүйесінің Алматы және Астана қалаларында

коммерциялық эксплуатацияға енгізілуі туралы жариялады.

2010 жылдың 1 желтоқсанында Beeline сауда маркасына ие «Кар-Тел» ЖШС Астана және Алматы қалаларында HSDPA қолдайтын үшінші кезең ұялы байланыс жүйесін іске қосты. 2011 жылдың қаңтарында «GSM Қазақстан» ЖШС мен «Кар-Тел» ЖШС 3G қызметтерін ұсыну мақсатында қолданылатын жиіліктерге лицензияларды сатып алды.

2011 жылдың 25 ақпанында «Кар-Тел» ЖШС еліміздің 39 қаласында 3G іске қосылуын жариялады, атап айтқанда: Ақсай, Ақсу (Павлодар облысы), Ақтау, Ақтөбе, Алматы, Атырау, Астана, Аягөз, Балқаш, Жезқазған, Зырянновск, Қапшағай, Қарағанды, Қаратау, Көкшетау, Қостанай, Қызылорда, Өскемен, Павлодар, Петропавловск, Сатпаев, Семей, Серебрянск, Талдықорған, Тараз, Текелі, Түркістан, Орал, Үшарал, Шымкент, Талғар и Теміртау.

Ал дәл осы күні «GSM Қазақстан» ЖШС Қазақстанның 27 қаласында үшінші кезең байланыс жүйесінің іске қосылуы туралы жариялады: Алматы, Талдықорған, Қаскелең, Талғар, Қапшағай, Есік, Астана, Қарағанды, Қостанай, Балқаш, Жезқазған, Теміртау, Рудный, Шымкент, Түркістан, Сарыағаш, Ақтау, Атырау, Құлсары, Тенгиз, Ақсай, Екібастұз, Петропавловск, Көкшетау, Павлодар, Семей және Өскемен.

2011 жылдың бірінші ширегінің соңына таман «GSM Қазақстан» ЖШС тағы төрт қалада 3G іске қослуы туралы жариялады: Тараз, Қызылорда, Ақтөбе және Орал.

2011 жылдың 27 шілдесінде «Tele2 Қазақстан» ЖШС 3G байланыс стандартының жұмыс істеуіне арналған жиіліктерге лицензияға қол жеткізді.

Ең маңыздысы, абоненттердің 3G байланысты ұялы аппараттардың барлығы дерліктей қолдамайтындығын білген жөн. Видео сұхбатты іске асыру үшін алдыңғы жақта орналасқан екінші камера болуы қажет. Қазіргі уақыттағы телефондар 2G және 3G стандарттарын қолдайтын телефондар да бар. GSM біртіндеп ығысады, ал мобильді телефондар 2G байланыста жұмыс істей алмайтын болады. Бірақ ол ұзақ уақытта болатын үрдіс.

3G байланыс қызметтері 2012 жылы 50 мыңнан астам тұрғыны бар елді мекендерде пайда болады, деп хабарлады Көлік және коммуникация министрлігі баспасөз қызметі. Демек, алдағы уақытта әрбір қазақстандық азаматтарға 3G байланыс қызметтері қолжетімді болады деген сөз.

Дегенмен де, алдағы уақытта байланыс қызметінің 4G елімізге енгізу үшін жұмыстар басталып кетті. Демек, алдағы уақытта байланыс қызметінің заманауи тұрғыдағы келбетін көретін боламыз.

Жанерке КАТРЕНОВА

○ АФОРИЗМДЕР

Қазақ көркем сөз өнерінің кемелденуіне сүбелі үлес қосқан дара құбылыс, қазақ әдебиетінің классигі, алаштың өр ақыны, ағартушы, ойшыл Сұлтанмахмұт Торайғыровтың (1893-1920) өмірден түйген тағлымды ойларын ұсынамыз.

Сөз қадірін білмесең – өлең оқып не керек.

Байлықтың пейілі тар: адам баласын алалайды.

Кедейлік, сен – жексұрын түсің суық!

Ғылым мен өнер елсізді – елдіге, жоқты – барға теңгереді.

Қазақта білімді адам жоқ емес, көп – бірақ солардың көбі, құты, бәрі өз білімін халалға емес, харамға жұмсап ғадеттенген.

Білімі көп адам – құралы сай ұста секілді: не істесе де келістіріп істейді. Ел болудың бірінші тірегі – білім.

Оқу-білім көркеймек – елге егіп пайдасын, Ел жетіліп көркеймек – өнер қанат жайғасын.

Өнерлі ел – бар мұқтажын жерден емеді, Бар қиынды – тек қана ғылым жеңеді.

Білімді болуға – оқу, бай болуға – кесіп, күшті болуға – бірлік керек!

Достың сыры – досына паш.

Дос іздедім, қармандым, Тауып едім – алдандым.

Ерке қыз – жібек арқан, Хас сұлу – жаратылысқа мақтан.

Күнелту үшін – ас керек, ас істеуге – күш керек, күшті жұмсауға ес керек.

Жұрт жұмысын істеу – біздің қазақ балаларының әдетінде жоқ: ойынымыз – көп, әрекетіміз – аз.

Ел түзелсін десең – әуелі өзіңді түзе

Дүниенің заңы – биліктің қолында.

Дүниеден жейтұғын ауыз құрымай – әділдік орнамайды.

Қараңғы қазақ көгіне, Өрмелеп шығып күн болам! Қараңғылықтың көгіне, Күн болмаған да кім болам!

Өлең-жыр – көңілді түзететін машина.

Өлең айтушы әнпаз адамдарды жұртқа есерсоқ деп көрсетпей, есті деп қадірлі етіп көрсетуге тырысу керек.

Қатерлі жерде қаперсіз отырма!

Адамның ең ұлы қасиеті – бақытты болуға талпыну.



БІРЛІГІ ЖАРАСҚАН ҰЖЫМ

И. Байзақов атындағы Студенттік филармонияның университет қабырғасында алатын орны ерекше. Қарап тұрсаңыз бұл ұжымның атқарып жатқан қызметі көзге көрінбейтін де сияқты. Концерттік залда өнер сүйер қауым берілген уақытта жиналады да, жоспарланған қандай да бір концерт болсын, мерекелік іс-шара болсын уақытымен өтіп, халықтың көңілінен шығып жатады. Ал ол іс-шараның өтуі алдында бүкіл бір ұжым қаншама күш – жігерлерін жұмсап, талмай – тынбай жұмыс жасайтыны көбіне беймәлім. Осы орайда біз осы ұжымның директоры М.М. Амангелдіқызын сұхбатқа тартқан едік.

– Мадина Амангелдіқызы филармонияда сіз қай жылдан бастап жұмыс істеп келесіз?

– 2006 жылы осы қара шаңырағымыздағы музыка кафедрасын тәмамдағаннан кейін филармонияға администратор ретінде жұмысқа орналастым. Уақыт өте келе режиссердің көмекшісі болып ауыстым. Негізі филармониядағы жұмысымның алды студент кезімде басталды деп те айтуға болады. Себебі 2005 жылы «Жасыл ел» штабы құрылғанда мен жасыл ел құрамындағы студенттер арасында концерт қоятын насихаттаушы ұжым мен талай ауыл-аймақтарды аралап, концерттер қойғанбыз.

– Ән айтқанды ұнатасыз ба?

– Ұнатамын. Әрине, соңғы кездері сахнаға сирек шығамын. Бірақ сахнада әндеткен кездерімде өзімді, бар нәрсені ұмытқандай сезінемін. Жақсы ән – жанды жадыратады емес пе?

– Бүгінде жас та болса бас болып студенттік филармонияның директоры қызметін атқарып отырсыз. Осы ұсыныс сізге түскенде, басқарып өкете алмаймын – ау деген бір қорқыныш сезімі болды ма, әлде,...

– Шынымды айтсам маған ойланатын да уақыт берілмеді. Басқарушы жақ бір күні түсте шақырды да, ертеңнен бастап қызметіңе кірісетін бол деді. Сондықтан мен ойлануға та үлгермедім. Ал директор болғаннан кейін күнделікті өткізілетін концерттер, үлкен-үлкен мерекелік іс-шаралар барлығы дөңгеленіп кете барды. 2009 жылдан бастап мінекей басқарып отырғаным бақандай 3 жыл болып қалыпты.

– Жалпы Студенттік филармонияның ашылу мақсаты неде, қандай жұмыстарды атқарасыздар?

– Негізі Студенттік филармония Е.М.Арынның бастауымен ашылған құрылым. Университеттегі мәдени – сауығу үрдісін нәтижелі басқару мақсатында әлеуметтік сұрақтар және тәрбие жұмысы департаментінің құрамында ашылған. Филармонияға Ертіс өңірінің дүлдiлі ақын импривизатор И.Байзақовтың аты берілген. Филармонияның негізгі мақсаты университет қабырғасында өтетін барлық мәдени – сауығу шараларын ұйымдастырып, оның жоғары деңгейде өтуін қадағалау болып табылады.

Ашылғаннан бері осы тоғыз жыл уақыт аралығында ауызды толтырып айтарлықтай жетістіктерге қол жеткіздік дегуе болады.

Филармонияда отандық және әлемдік мәдениеттен хабарлары болып, салауатты өмір салтын насихаттайтын, эстетикалық тәрбие алатын студент тұлғасының мәдени қалыптасуына

ықпал тигізетін студенттік шығармашылық тұлғалар жұмыс жасайды.

Осы міндеттерді жүзеге асыру мақсатында университет колледжінің және факультеттің тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасарларымен тікелей қатынасады.

Филармонияның құрамында «ҚР Мәдениет қайраткері» Т. Кәрімов жетекшілік ететін «Халықтық» қазақ халық аспаптар оркестрі бар. Сонымен қатар, халықтық «Ақ ерке» қазіргі заман би студиясы жемісті жұмыстар атқаруда. Студия құрамында негізгі және төменгі жастағы балалар тобынан жасақталған, жас ерекшеліктері 5-10 аралығындағы өнерпаздарға би өнерін

– Өкінішке орай қаламыздағы жоғарғы оқу орындарында дәл біздің бағытта қызмет жасап жатқан студенттік филармония жоқ деп айтуға болады. Керісінше еліміздің басқа қалаларындағы жоғарғы оқу орындарынан біздің филармония жөнінде естіп, филармонияның жұмысын көру үшін университетімізге келіп тіпті филармонияның ережелерін де сұрап жатады. Әрине өзге қалалардағы біздің жоғарғы оқу орындарының жұмысымызды естіп осындай қызығушылық тудыруы бізді қуантады. Біздің барлық жұмысымызбен танысқаннан кейін, өздеріне барған соң ашу барысында көптеген

Осы жұмыстарды атқару барысында әр маманның өзінің алатын орны бар. Егерде мінезімен салмақты, ойы ұшқыр көркемдік жетекші, М.Сабырқызы концерттердің жақсы өтуінің барлық картинасын қадағаласа, жас маман Р.Рахимова бұл концерттерді жүргізіп халық көңілінен шыға біледі, жас маман М.Юсупованың қызметіне мерекелік іс-шараларға қатысты барлық құжаттардың уақытымен рәсімделуі кірсе, Мейрам мен Алексей барлық концерттерді жақсы дыбыстауда алдарына жан салмайтын мамандар. Әрине біздің ұжымдағы тағы бір адамсыз концерттеріміздің мәнді де сәнді өтуі мүмкін емес деп ойлаймын. Бұл мерекелік іс-шараларға қатынасатын әншілеріміз бен күйшілеріміз, сонымен қатар, бишілерімізді сақадай-сай қылып киіндіріп, сахнаға шығаратын З.Бакиевна. Әрқаз көңілі толық, сезімі ашық бұл кісі жайында көп сөз айтуға болар еді. Жас ұжымда жастардан қалт қалмай әрқашанда қатар қадам басып көңіл көтеріп, бізге өмірлік ақыл-кеңестерін беріп отыратыны жүректі жылытып, көңілді қуантады. Біздің ұжым демалысты білмейді ғой. Егерде жұртшылық мейрам күндері демалып жатса біздің филармонияның мамандары, қызметкерлері керісінше алаңда концерттер қоюмен болады. Сондықтан біз күнделікті жұмыс пен қатар мейрамдарда да жұмыс жасаймыз. Осыған шыдамдылық танытып, сабырлылық танытатын ұжымыма деген алғысым көп. Кезінде ата-бабамыз «Бірлік бар жерде, тірлік бар»,- деп тегін айтпаған – ау. Біздің ұжымның бірлігі жарасқан деп айтсам артық кетпес болармын. Тіл көзден сақтасын! Осы ретте тағы бір ерекше айта көтерім кезінде студент болғанымда өзіме білім берген ұстаздарым, өз істерінің майталмандары Е.Хамитұлы, Т.Кәрімұлы, Н.Пиговаева, сонымен қатар, Г.Мақсұтқызы, А.Рамазанқызы, Р.Қайырғелдіұлы сынды керемет адамдармен қызметтес болғанымды мақтан тұтамын.

– Келер жыл Студенттік филармонияның ашылғанына 10 жыл болады екен. Алдағы жоспарларыңыз?

– Иә, рас айтасыз көзді ашып жұмғанша атандай 10 жылда өте шығыпты. Біз үшін келер жыл мерейлі жыл болмақ. Алдағы жоспарларымызбен жаңа оқу жылында таныса жатарсыздар. Алға қойған мақсат та, жоспар да көп. Әлі де өсе түскіміз келеді. Тағыда жаңа ұжымдар, жаңа топтар, жаңа есімдер ашпақ ойымыз бар. Жұмыс көп. Тек ерінбей еңбек ете білсек болғаны.

– Сұхбатыңызға рахмет! Ұжымдарыңызға тек қана шығармашылық табыс тілейміз.

Сұхбаттасқан Ментай ЕРБОЛҚЫЗЫ

Филармонияның құрамында «ҚР Мәдениет қайраткері» Т. Кәрімов жетекшілік ететін «Халықтық» қазақ халық аспаптар оркестрі бар. Сонымен қатар, халықтық «Ақ ерке» қазіргі заман би студиясы жемісті жұмыстар атқаруда. Студия құрамында негізгі және төменгі жастағы балалар тобынан жасақталған, жас ерекшеліктері 5–10 аралығындағы өнерпаздарға би өнерін үйретуге. Студия жетекшісі Д. Рамазанқызы. Халықтық «Джем» заманауи би тобы да өздерінің өнерлерімен ерекшеленіп жүр. Биылғы жылы Астана қаласында осы топтың филиалы ашылды. Филиалдың жетекшілері осы топтың мүшелері К.Тұмар мен Б.Антон. Сондай-ақ, халықтық атағы бар «Ертіс Жұлдыздары» вокалдық студиясы (жетекшісі Н.Ю.Пиговаева), «Жас дауыс» вокалдық студиясы (жетекшісі Т.М.Сабырқызы), құрамында әртүрлі ұлттан құралған «Кереку» студенттік театры (жетекшісі Г.Мақсұтқызы), «Ақжелең» ішекті аспаптық ансамблі (жетекшісі Ж.А.Темірболатұлы) жайлы ерекше атауға болады. Филармонияның жеке әншілері «ҚР Мәдениет қайраткері» Е.Айтбаев, Н.Сарқамбаев, С.Рысбек, Ғ.Ербол, Р.Ерасілова және де студенттердің құрамынан да жеке әншілер бар.

үйретуге. Студия жетекшісі Д. Рамазанқызы. Халықтық «Джем» заманауи би тобы да өздерінің өнерлерімен ерекшеленіп жүр. Биылғы жылы Астана қаласында осы топтың филиалы ашылды. Филиалдың жетекшілері осы топтың мүшелері К.Тұмар мен Б.Антон. Сондай-ақ, халықтық атағы бар «Ертіс Жұлдыздары» вокалдық студиясы (жетекшісі Н.Ю.Пиговаева), «Жас дауыс» вокалдық студиясы (жетекшісі Т.М.Сабырқызы), құрамында әртүрлі ұлттан құралған «Кереку» студенттік театры (жетекшісі Г.Мақсұтқызы), «Ақжелең» ішекті аспаптық ансамблі (жетекшісі Ж.А.Темірболатұлы) жайлы ерекше атауға болады. Филармонияның жеке әншілері «ҚР Мәдениет қайраткері» Е.Айтбаев, Н.Сарқамбаев, С.Рысбек, Ғ.Ербол, Р.Ерасілова және де студенттердің құрамынан да жеке әншілер бар.

– Осы тоғыз жыл арасында кеңінен құлаш жайған екенсіздер. Сіздер тәжірибе алмасатындай басқа жоғарғы оқу орындарындағы студенттік филармониялармен қарым-қатынастарыңыз бар ма?

қиындықтардың туып жатқаны жөнінде хабарласып жатады. Әрине бірінші кезекте қаражат мәселесінде. Осы жолды қалай шешіп отырсыздар деген сұрақтары туындап жатады. Бұл ретте біз университет басқармасына ерекше алғысымызды білдіргіміз келеді. Олар қандай көмек сұрасақ та әрқаз түсінудің қарап, көмектесіп жатады.

– Мадина Амангелдіқызы, ендігі кезекте қоян-қолтық күнделікті таңның атысы, күннің батысы қасыңызда иық тіресіп қызмет атқаратын қызметкерлеріңіз жайында не айта аласыз?

– Сұрағыңызға рахмет. Расында да бұл кісілердің қызметі ерен деуге болады. Біз жылына 200 аса мерекелік іс-шараларды атқарамыз. Оның ішінде күнтізбедегі ұлттық мерекелерден басқа, конференциялардың салтанатты ашылуы мен жабылуы, құрметті университет ардагерлерінің мерейтойлары, жаңа аудиториялардың тұсаукесерлері, сонымен қатар сұраныс бойынша да қалаға, ауыл-аймақтарға да концерттер қойылады.

БІЛІМ САПАСЫ - ӨМІР САПАСЫ

Тұңғыш Президент - Елбасы Н.Назарбаев елді әлеуметтік - экономикалық дамыту мәселелеріне арналған кеңес өткізді. Кеңеске Мемлекеттік хатшы М.Құл-Мұхаммед, Президент Әкімшілігінің Басшысы А.Мусин, «Нұр Отан» ХДП Орталық аппаратының жетекшісі Қ.Ақсақалов, Премьер - Министр К.Мәсімов және министрлер кабинетінің жетекшілері қатысты.



Алқалы жиында мемлекет басшысы елді өрге сүйрейтін нақты тапсырмалар жүктеді. Соның бір парасы білім-ғылым саласына қатысты болды. Ендеше Тұңғыш Президент – Елбасы Н.Назарбаев білім-ғылым саласын жетілдіруге байланысты тапсырмаларын сараптап көрсек.

Нұрсұлтан Назарбаев кеңесте Білім және ғылым министрі Бақытжан Жұмағұловқа бірқатар орындалуы тиіс шаралар жүктеді.

6-ШЫ ТАПСЫРМА

ҚР Үкіметі 2013 жылдың 1 шілдесіне дейін:

2020 жылға дейінгі біліктіліктің ұлттық жүйесін кезең-кезеңімен әзірлеу Жоспарын дайындап, қабылдасын;

ЖОО-лар мен колледждер түлектері үшін біліктілікті бекітудің тәуелсіз жүйесін құру жөніндегі жұмыстарды белсендірек жүргізісін.

Әрбір біліктілігін арттырған маман өз ісінде сенімді әрі білікті жұмысшы болатыны анық. Мемлекет басшысы өз сөзінде біліктіліктің ұлттық жүйесін құруды қолға алуды негізге ала отырып, әрбір кәсіпке арнайы «жол картасының» жасалуын қолға алу керектігін айтып кетті. Біліктіліктің ұлттық жүйе аясында мамандарды дайындау кезінде

берілетін білімнің маңызы өте зор. Білікті маман, өзіне-өзі сенімді дербес, жан-жақты білімді азамат Отанының дамуына, отбасының береке-бірлігіне өз үлесін молынан тигізеді.

12-ШІ ТАПСЫРМА

1. ҚР Үкіметі ЖОО-лардың санын оңтайландыру және кадрларды сапалы дайындауды қамтамасыз етпейтін білім беру мекемелерінің лицензияларын қайтарып алу жөніндегі жұмысты жалғастырсын.

2. Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Білім және ғылым министрлігімен бірлесіп отырып, 2014 жылдан бастап еңбек нарығын дамытудың бес жылдық болжауларын талдап-жасауды қамтамасыз етсін.

Елбасы білім беру жүйесін жаңғырту үшін басты бағыт бойынша жүргізілетінін атап өтті. Білім беру мекемелерін оңтайландыру; оқу-тәрбие үдерісін жаңғырту; білім беру қызметтерінің тиімділігі мен қол жетімділігін арттыру. Мемлекет басшысы мақаласында орта білім беру жүйесінде басшылық сапасын арттыру, барлық білім беру мекемелері мемлекеттік білім беру үлгісіне сай болуын бақылау, ЖОО-дары тексерістен өткізіп, қортындысына қарай біріктіріліп немесе тарату жолда-

рын қарастыру, қолданбалы біліктілік орталықтарын ашуды көздеген. Елбасы жүйелеген білім беру сапасын арттырудың жолдары табысқа жетсе, білім-ғылым саласында оңтайлы өзгерістер туындайтыны хақ.

13-ШІ ТАПСЫРМА

ҚР Білім және ғылым министрлігі:

2013-2014 оқу жылынан бастап жалпы білім беретін мектептердегі оқу үдерісінде білім берудің интерактивті түрлерін пайдалануды кеңейтуді және онлайн-оқытудың арнаулы оқу бағдарламаларын енгізуді көздерісін;

Қазақстан тарихы бойынша оқу жоспарларын, оқулықтар мен оқу құралдарын талдаудан өткізсін, оқу орындарында Қазақстан тарихын оқытудың мазмұны мен пішінін өзгерту жөніндегі іс-шараларды жүзеге асырсын;

Орта, техникалық және кәсіптік, жоғары оқу орындарында «Ақмология, жеке және әлеуметтік табыс негіздері», «Қазақстан құқығы», «Өлкетану» сияқты міндетті оқу курстарын енгізу жөнінде ұсыныс жасасын.

Жастардың өз тілінде, яғни интернет – араласуы режимінде білім сапасын арттыру, білім аясын кеңейту жөнінде Елбасымыз өз

сөзінде кеңінен тоқталды. Ол онлайн-білім беру, интерактивті олимпиадалар, оқу турнирлері мен жарыстар ұйымдастыруды жағымды арнаға бағыттауын атап өтті. Мектеп оқушылары мен студенттерге «Қазақстан тарихы» пәнін оқытуды жеңілдетудің шараларын атап көрсетті. Мақаланың тілге тиек ететін ендігі бір жағы, енді «Болашақ» бағдарламасы елдің барлық өңірлерінен, әсіресе, ауылдық жерлерден талантты жастар үшін қол жетімді болады. Демек, ауыл мектептерінің білім беру сапасы да артады. Ал, мектеп қабырғасында инновациялық курстар, орта, техникалық, кәсіптік, ЖОО-дарында міндетті оқу курстары оқытылмақ. Бұл тапсырма да білім беру сапасын арттыруға негізделген.

Еңбекқор, білімді, зерделі, білікті маман, отансүйер азамат болып қалыптасу үшін жастарға мемлекет барынша жол ашуда. Ендігісі, жас қазақстандықтар білім мен еңбекті өмірлік жолына жолсерік етсе игі.

«Біздің жастар елеспен өмір сүруге тиіс. Қазақстаннан тыс жерде жұмақ жоқ. Еш жерде, әлемнің ешбір елінде бәрине бірден ие болу мүмкін емес». Н.Назарбаев.

Жанар ЕЛЕШОВА

НАУЧНАЯ СТАЖИРОВКА В ГОРОДЕ КЕМЕР (ТУРЦИЯ)



Путешествовать по миру сегодня могут многие. Однако не всем предоставляется уникальная возможность совместить свой научный интерес, образовательные потребности и отдых. Благодаря нашему университету, в частности, администрации ПГУ им.С.Торайғырова и специализированной академической мобильности, такой удачный случай выпал на нашу долю.

С 15 июня по 6 сентября 2012 г. на Анталийском побережье Турции, в городе Кемер, в отеле «Kemer Resort Hotel» проводится крупный международный

проект «Интеграция: язык, культура, обычаи и традиции». Он реализуется в Казахстане при поддержке МЦ «Тілдарын», ОФ «Фонд Ассамблеи народа Казахстана», Турецкого этнокультурного центра «Ахыска». Мы, магистранты специальности «Педагогика и психология» и «Социальная работа» кафедры психологии и педагогики ПГУ им.С.Торайғырова, участвовали в этом проекте с 26 июня по 5 июля и постарались достойно представить свой университет.

Именно в этот период проходила международная научная конференция «Болонский процесс – опыт и перспективы». В рамках проекта мы прослушали лекции ученых Лары Шейко – президента International Association of development

Education (Прага, Чехия) и Евы Кашпаровой – профессора Высшей школы экономики (Прага, Чехия) о перспективах процесса сближения и гармонизации систем высшего образования с целью создания единого европейского пространства высшего образования.

Магистрант специальности «Педагогика и психология» Айнаш Камзеновна Аипова представила научный проект на тему «Формирование межкультурной коммуникативной компетентности студентов вуза (в процессе изучения иностранного языка в вузе)», в котором обозначила проблему традиционных подходов к изучению иностранного языка.

Магистрант специальности «Педагогика и психология» Гульнара Батырбаевна Таженова выступила с докладом «Особенности современных подходов к повышению эффективности профессиональной деятельности управленца в школе», содержание которого отразило практический опыт заместителя директора школы и результаты научного исследования в рамках магистерской диссертации.

Магистранты специальности «Социальная работа» Са-

мал Калиева, Алена Булова и Жания Шерияздан выступили с совместным проектом «Социальный проект по повышению уровня социальной адаптивности студентов первого курса «Сенім», вызвавшим интерес всех участников актуальностью проблематики и предложенными способами разрешения.

«Изыюминкой» международной конференции стала языковая школа. Обучение на интенсивных языковых курсах проводилось по инновационной методике переводчика-синхрониста и психолингвиста Дмитрия Петрова и Куралай Мутановой, соавторства методики обучения казахскому языку. Отличительные свойства методики – компактность, образность, интерактивность, быстрое преодоление языкового барьера, комбинаторность. Предоставленная возможность в короткие сроки овладеть основами английского языка и систематизировать знания государственного языка, была использована нами в полной мере.

Среди участников проекта были представители различных сфер системы образования: ученики, учителя, дирек-

тор, заместитель средней общеобразовательной школы, преподаватели колледжа, вузов, лицеев, магистранты и докторанты, методисты и специалисты отделов образования.

Результат стажировки – не только получение сертификатов участника международного проекта «Интеграция: язык, культура, традиции» и участия в международной конференции «Болонский процесс – опыт и перспективы». Мы познакомились с удивительной страной, познакомились с замечательными людьми, показали свои достижения, обменялись опытом, ну и, конечно, успели отдохнуть на берегу Средиземного моря. Мы безмерно благодарны ректору Павлодарского государственного университета им. С.Торайғырова С.М.Омирбаеву, проректору по учебной Н.Э.Пфейфер, заведующей кафедрой психологии и педагогики Е.И.Бурдиной, начальнику центра академической мобильности К.Б.Мукатеовой за эту уникальную возможность.

Магистранты группы МПИП-12н Айнаш АИПОВА, Гульнара ТАЖЕНОВА

РЕДАКТОР БАҒАНАСЫ

БІЗДІҢ ЕЛДІҢ ЖІГІТТЕРІ - ЖІГІТТЕРДІҢ ТӨРЕСІ

Қаламы алымды журналист Нұржайна Шодыр Сарыарқа самалы газетінің 12 шілдесінде шыққан санында «Ерлер ұсақталып бара ма?», – деген мақала жариялапты.

Газеттің кезекші редакторы ретінде жазған мақаласы ерлер затына зақым, атына күйе жаққанмен бірдей. Өйткені, журналист «...«нағыз ерлер» саусақпен санарлықтай ғана десек, қателеспеспіз. Себебі, қазіргі заманның жігіттерінің көбі жігерсіз, әлжуаз, бір сөзбен айтқанда «ұсақталып» барады», – деп миллиондаған жігіттердің ішінде нағыз ерлерді саусағымен санап, жігіт атауының бейнесін сөзбен сомдайды. Осылайша сөзін сабақтап, оған дәлелді дәйегін былай келтіреді: «Оған ауыз толтырып айтарлықтай мысалдар мен дәлелдер жеткілікті. Мәселен, осы күннің ер азаматтарының арасында, әсіресе, жастардың ішінде мал сойып, ет жіліктей алатындары аз. Сонымен қатар, бұрынғыдай асық атып, аттың жалында ойнайтын бозбалалар да сиреп барады». Осы жерде Нұржайна бүгін XXI ғасырда өмір кешіп жатқанымызды ескермеген сыңайлы.

Ақиқатында нарық базар арқылы «мал сойып, ет жіліктеу» мәселесін шешіп берген. Сондықтан да, қаладағы мырзалар мал соятындай мұқтаждық жоқ. Ал түлікті соятын жағдай туса өздері-ақ үйреніп алатыны сөзсіз. Өйткені, қазақ ерлерінің бойына ол қанмен біткен. Ал ауылдағы әр қазақ мал соймаса үйінде қой ұстай ма?

Ендігі келтірген уәжі тіптен бөлек. Онда: «қазіргі ер азаматтардың ұсақталғаны сондай, кейбірі қыздармен бөс таласуда. Қалай дейсіз ғой? Нәзік жандар сияқты олар да шаштарын өріп, резеңке тағады, тыртыған тары шалбар киіп, құлақтарына қос-қостан сырға салады. Бәлкім, осыдан былай юбка киген «жігітсымақтарды» көріп жатсақ, таңғалмаймыз...», – деп еліміздегі жалпы ер атаулыға мін тағады.

Данқты қолбасшы Шыңғысхан қай елдің әйелі нашар болса, сол ел тарихтан бірінші болып өшеді, дегені бар екен. Демек, бүгінгі қоғамдағы келеңсіздіктер әйел затының өз функциясын, міндетін дұрыс атқара алмай отырғандықтан орын алып жатыр. Қазақта «анасына қарап қызын ал», – деген ұлағатты сөз бар. Демек, бала, қоғам тәрбиесіне ана жауапты. Мұны пайғамбарымыз (с.а.у.) хадиспен де бекітіп берген.

Сол себепті, ең бірінші еркектің шалбарына жармасып жүрген әйелдер, еркектің қызметіне құда түсіп жатқан әйелдер, балаға тәлімді тәрбиені бере алмай отырғандар әйелдер. (Рас еркектің отбасыда бала тәрбиесінде алар орны ерекше. Дегенмен, ғұрып бойынша да, дін бойынша да бала тәрбиесінде әйел заты басты жауапты. авт.)

Оның үстіне баяғын жырлайтын болсақ, «Бұрынғының әйелдері баланың көзінше ешқашан ерін жамандаған. Бұрынғының келіндері тал түске дейін ұйықтамай таңертең күнмен жарысып тұрып, ата-апасына ізет жасайтын. Бұрынғының әйелдері ұятты жерлерін көрсетіп, шалбар киіп жүрмеген. Бұрынғының әйелдері орамалсыз көшеге шықпаған. Бұрынғының әйелдері ерімен бірге жарысып сөйлемеген», – осылай айтып кете беруге, кете беруге болады.

Сондықтан жалпақ елдің ерлері жайлы сөз қозғамас бұрын үлкен пайым, бүгін мен кешегінің өмір құбылысын зерек түсіну қажет. Оның үстіне айтылған дерттің шығу тегін, емделер дауысын қоса айтқан дұрыс болар.

Географиялық атауларды стандарттау қағидастары

Географиялық атауларды стандарттауға бағытталған бағдарламалардың қағидастары, стратегиялары мен процедуралары нақты айқындалуы керек. Стандарттау қағидастары негізгі басшылыққа алатын ұстанымдарды (жергілікті атауларды ескерту, тілдегі жазу ережелері, географиялық атауларды дұрыс жазу мен пайдалануды реттеу) қамтиды.

Географиялық атауларды стандарттауға мына қағидастар сақталуы тиіс:

- ресми (стандартталған) атаулардың жазылу ережелері;
- көп тілді ортада топонимдерді қабылдаудың және унификациялаудың жалпы ұстанымдары;
- бір нысанның бірнеше атауы болған жағдайда әрекет етудің жолдары;
- саны аз ұлттардың тілдеріндегі географиялық атаулардың қолданылу ережелері;
- белгілі бір географиялық нысанға, оның бөліктеріне қатысты топонимдердің нақты сәйкестігін анықтау;
- жазылуы талас тудыратын немесе бірізге келтірілмеген атауларды жүйелеу.

Бұл қағидалар тұрақты сипат алады. Стандарттау стратегияларына мәселелерді шешудің нақты тәсілдері, стандарттауды

жүзеге асыру құралдары енеді. Бұл негіздеме орынсыз географиялық атауларды өзгерту, қайталанатын атауларды ауыстыру, ұлыстар (кіші ұлт өкілдері) тілдеріндегі атауларды қолданылуына қатысты ережелерді бекітеді.

Географиялық атауларды стандарттау стратегиясына және топонимдерге қатысты шешімдер қабылдауда біріншіден, тұрғын халықтың тығыздығы мен атаудың жергілікті варианттарының таралу деңгейі, екіншіден, жергілікті атаудың қолданыста болу мерзімі, үшіншіден, атауларды өзгертудің пайдаланылып жүрген ресми географиялық карталар мен құжаттарға тигізетін ықпалын бағалау сияқты факторлар әсер етеді. Стандарттау процедуралары қабылданған қағидалар мен стратегияға сәйкес географиялық атауларды стандарттауды жүзеге асыру әдістерін қамтиды.

Жалпы алғанда, географиялық атауларды стандарттау қажеттілігін қарастыру және оларға қатысты шешім қабылдау үшін төмендегідей географиялық, тарихи және лингвистикалық ақпарат қажет (сурет).

Географиялық атауларды стандарттауға қатысты жүргізілетін ғылыми – зерттеу жұмыстары жергілікті

жерден ақпарат жинаудан басталып, атаулардың шығу тарихы мен сәйкестігіне қатысты тарихи, географиялық, мәдени және тілдік ақпаратты терең талдаудан өткізу арқылы қорытындылар жасаумен аяқталуы керек.


Ең алдымен белгілі бір атаудың жазба және ауызша үлгілері, оның мағынасы жөнінде жергілікті тұрғындарды сұрастыру арқылы бастапқы ақпарат жиналады. Осыдан кейін топонимдердің жазылуына қатысты кадастрлық құжаттарда сақталған ақпарат алынады. Осы кезеңде әртүрлі кезеңде жарық көрген басылымдар мен географиялық карталарда атаудың жазылуы тексеріледі. Бастапқы ақпарат жинауда жергілікті өкімшілік және техникалық қызмет орындарында топонимнің жазылу ерекшеліктері де ескерілуі тиіс.

Географиялық атауларды стандарттауда ең алдымен жергілікті халық тұрақты түрде ұзақ мерзім бойы пайдаланылып келе жатқан тарихи атаулар ескерілуі тиіс. Сонымен қатар, ұлттық стандарттауда географиялық атаудың бірегейлігі, яғни бір географиялық бірлікке ресми бір ғана стандартталған атаудың сәйкес келуі қамтамасыз етілуі керек. Бұл

мәселені түбегейлі шешуді көптілді ортада жүзеге асыру қиынға соғатыны белгілі, дегенмен Географиялық атаулар жөніндегі Ұлттық комитет ресми түрде бір ғана атауды бекітіп, қалғандары шектеулі ауқымда пайдалану мүмкіндігін ұсына алады.

Қазақстан Республикасында географиялық атауларды стандарттауға қажеттілік қоғам дамуы мен ғылым сұраныстарына сәйкес, жыл сайын артып келеді. Елімізде географиялық атаулардың орысша және қазақша нұсқалары берілген анықтамалық жасауға алғашқы қадамды А. Байтұрсынов атындағы Тіл білімі институты жасаған болатын. Дегенмен, География институты, А. Байтұрсынов атындағы Тіл білімі институтымен және Жер ресурстарын басқару жөніндегі агенттіктің «Ұлттық картографиялық-геодезиялық қормен» бірлесе отырып, «Қазақстан Республикасының географиялық атауларын орысшадан қазақшаға беру, қазақшадан орысшаға беру жөніндегі нұсқаулықты» құрастыру стандарттау жұмысына жаңа серпін береді.

Осы нұсқаулықты басшылыққа ала отырып, География институтының топонимика және терминология тобының қатысуымен Жер ресурстарын басқару жөніндегі агенттіктің «Ұлттық картографиялық – геодезиялық қоры» 32 томнан тұратын қомақты еңбекті – Қазақстан Республикасының географиялық атауларының Мемлекеттік каталогын жасап шағарды. Бұл еңбектің географиялық атауларды зерттеуге, бірізге келтіру жұмыстарында басшылыққа алынатын бастапқы дереккөз ретінде маңызы зор.



Сурет – Географиялық атауларды стандарттау

Қуат САПАРОВ



О ПОЭЗИЯ



**Балажанова
Қымбат
Мағытайқызы**

Сүйікті кітабы: Махаббат қызық мол жылдар.
Сүйікті фильмі: Гауһартас.
Сүйікті актері: Досхан Жолжақсынов.
Өмірлік ұстанымы: Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей!

*Қымбатты оқырмандар!
Белгілі ғалым, Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі Қуандық Мәшһүр-Жүсіптің поэзиясымен газетіміздің «Сөз – құдірет» айдарының тұсауын кескен едік. Ендігі кезекте қаламымен сырласып, маржан сөзден қуат алатын ұстаздар мен студенттердің шығармашылығын өздеріңізге тарту етпекпіз.
Көркем сөзді терең ұғынатын,*


*қолы қалт еткенде қаламын жанына серік етіп, сырласатын Қымбат Балажанованың шығармашылығынан ұсынуды жөн көріп отырмыз.
Қадірлі көзі қарақты оқырман қауым, Қ.Балажанованың Сіздерге ұсынып отырған жыр шумақтары студенттік және балалық шағында жазылған қойын дәптерінен алынғанын ескерте кеткенді жөн санап отырмыз.*

Туған жер

О, туған жер құдіретіңе табынам!
Алшы мені құшағыңа жалынам.
Жаным бірге, тәнім бірге өзіңмен,
Шалғай жүрсем бір өзіңді сағынам.
Аңсағанда қосам сені жырыма,
Айтылмаған іште қалған сырымбең,
Туған жерім кетсем егер өзіңнен,
Бөтен жерде бақытты мен болам ба?
Бола алмаймын, бола алмасын ешқашан,
Өйткені мен ғашық жанмын бір өзіңе әрқашан!
Оданда мен ыстық сенің топырағыңда аунайын,
Еске алып балғын шақты, асыр салып ойнайын.
Солай бір күн болсадағы бар мұңымды ұмытып,
Сенің ғана құшағыңда бақытты мен болайын.

Анашым

Ақ сүт беріп аялаған,
Өлпештеген анашым.
Нұр боп жанып,
күлім қағып,
Өлдилеген анашым.
Артық кетсем,
өкпелетсем,
Кешіре білген анашым.
Ақыл айтып ой тоқтатып,
Бойжеткізген анашым.
Жүзіңден жылы шырай,
Көріп өтсем анашым.
Өзіңізді өмір бойы,
Артақтаймын анашым.



Айлы түнде

Айлы түн жұлдыздар
бар жымыңдасқан,
Келеміз екеуіміз жұп
жазбастан.
Бірақ сен үндемейсің
тіл қатпайсың,
Тек гүлдер бір-бірімен
сыбырласқан.
Мен келем тербетіліп
самал желге,
Жүрегім алып-ұшып
сен дегенде.
Тыңдашы сол жүректің
дүрсілін сен,
Тек сен деп соғып тұрған
елжірете.

(Басы өткен санында).

Көктемнің алғашқы жылы лебі бетке соғып, көше бойы шыпып терлеп жіпсіз жатты. Күлән ширақ басып, қаздаңдап жүре берді. Өлсін-өлсін жан-жағына елендеп қарай берді. Бір таныстары кездесіп: «Сен қайдан жүрсің? Дос қызың қайда? Неге жалғызсың?» - деп қадалатын сияқты көрінді. Жарық күн қақ алдынан шақырайып ап, көзін ұялта түсті. Қыз төмен қарап тұқырайған күйі жүрісін үдетті. Бір тайғақ көшені кесіп өте беріп, тайғанап, құлап қала да жаздады. Тәлтіректеп, шалқалап барып, бойын өзгер түзел, өзіне көмекке ұмтылған еңгезердей шляпалы жігітті көріп, қабағын түйіп:
– Рақмет. Қажеті жоқ, – деді. Жігіт талтаңдай басып кетіп қалды.
Енді бір көшеден өте бергенде, артынан ду күлкі естілді. Ол селт етіп, жалт бұрылып өжірейіп, таныс емес үш жеткіншек қызды абайлағасын барып, көңілі қалпына түсті.
Енді бірде мүйіс айнала бергенде, таныс жерлес жігітпен кездесіп қалды. Қарсы ұшырасып, бұрылып кетудің, аңғармай қалудың реті келмей, бөгелді.
– Не жаңалықтарың бар?
– Түк те жоқ, – деді Күлән томсарыңқы үнмен.
Қыздың беті ду өте түсті. Жігіт қазір сақ-сақ күлетіндей, «Балкүмістің босаға аттағалы тұрғанын неге жасырасың?» - дейтіндей көрінді. Жігіт бірақ ештеңе естімеген болу керек, жайбарақат үнмен:
– Бүгін бір түрлі көңілсізсің ғой, – деді.
– Жай әншейін.
– Бұл жақта кімге келіп жүрсің, танысың бар ма еді?
– Жоқ, жай бір жұмыс боп.
– Жалғыз жүрсің ғой. Дос қыздарың көп емес пе еді, қайда кеткен?
– Олардың қолы босамай қалды бүгін.
– Күлән төмен қарап қызарақтай берді. Жауаптасудың тез бітуін тілеп, мазасызданып алаңдаумен болды.
– Асығысың ба? Жолдастарыңа мәннен сәлем! Мені ұмытқан да шығар. Өзімде де бар, жиі бармаймын.
Күлән оның сөзін құптап, басын іздей түсті де:
– Қош!- деп, қысқа жауап қайырып, сүйретіліп жүре берді.

– Менің әке-шешем өкпелейді-ау, тойға келмейді ғой! – деп уайым қылды Балкүміс.
– «Алдын-ала неге ескертпедің?» – десе, не деймін?! Бұл хабар олар үшін көктем жай түскендей емес пе?! Қаншама тәрбиеледі, өсірді. Өзім кінәлімін бәріне.

– Әрине, қарт адамдарға түсіну қиын – деді Күлән.
– Сен сөкпейсің бе?
– Мен саған тек бақыт тілеймін. Сен жарқылдап отырсаң болды, басқасының маған керекі жоқ. Мені ұмытпайсың ғой, ә?
– Неге ұмытам?
– Ұмытпа!
Екеуі тағы да құшақтасты.
– Той күні бір жағында Мұрат, екінші жағында мен отырам ғой, ә?
– Әрине, солай.
– Ой, қызық, маған сөз бергенде, не дабырлауым керек? Өсемгүл тәрізді сапылдақ шешен болсам ғой!

Той қалада, Мұрат үйінде өтті. Балкүмістің ауылдағы әке-шешесі келген жоқ. Естілген хабар көңілсіз еді. Жігіттің әкесі оларға барып, мақалдап қиыстыра келіп: «Бала мен бала бір-бірі ұнатып, той жасауға келісіпті. Бірге тойлайық. Бұл қуаныш екі жаққа бірдей ғой. Жастардың тілеушісі болсын деп сіздерге келдім» - дейді.
– Сөз-ақ емес пе? - деді Мұрат жарқылдай күліп.

сын төгіп жіберген еді.
– Жарайды, өзің оқытасың сіңлілеріңді – деді Күлән.
Мұраттың абыржыған үні шықты:
– Адамдар келе бастайды қазір. Балкүміс, өзін болайық.
Мұраттың үйіндегі жағалай тізіліп отырған бейтаныс адамдарға Балкүміс тіктеп қарай алмай, төмен сүзілумен болды. Балкүміске бір, Мұратқа бір жауаптап қарап: «Көңіл көтеріңдер, күлсеңдерші!» - деп, қайта-қайта езу тартып Күлән отырды.
Сөйленген тәтті сөзде есеп болған жоқ. Жамырай өн де төгілді. Сауылдап шампан құйылды. Той алдындағы түнде ұйқы көрмеген Күләннің көзі қыпқызыл еді. Ол әлі де күлімсіреумен, ара-тұра Балкүміске конфет, анау-мынау ұсынумен болды.
Төрт-бес рюмкеден кейін Мұраттың көзі күлімдеп, жүзі бал-бұл жайнап, әңгіме шертуге кірісті:
– Анау, Бөкең ғой. Әй, сілтеп отыр. О кісі бір литрге мыңқ етпейді. Құламайды, тәлтіректеп үйіне жетеді әйтеуір.
– Анау шеткісі кім? - деп сұрады Күлән, әйтеуір әңгіме болуын қалап.

– Ә, ол ма? Ол біздің Ахмет қой. Мырза жігіт. Ақша алған күні барын салады. Жолдасы үшін жанын беруге әзір. Төбелесе, бір өзі төрт жігітті ұйлап жібереді. Әйеліне ауыз ашқызбайды, сойып салады. Ешкімге көнбейді ол. Мықты.
– Оның қасындағы кім?
– Комбинаттың сұлу бикеші, бидің бар түрін біледі. Сән!...
Той аяқтала аяқ-табақ жинасуға Күлән де араласайын деп еді.

Дос Қыз


Балкүмістің әкесі соны естісімен, сыртқа ата жөнелген, қайтып үйіне кірмеген.
Мал сойып, қонақ күтіп оның інісі жүріпті. Барған шалдың тағы бір естігені – бірде бас құдасының қыз балаларына дауыстап ұрысқаны: «Біреуінді енді оқуға жібермеймін. Біреуінді! Қыз жау деген осы ғой. Осыдан аяқтарыңды қия басы солай қарай!»
Оңсыз да иегі кемсеңдеуге айналған Балкүміс осы тұста солқылдап, көз жа-

– Өзіміз де үлгереміз ғой, – деп, Мұрат жақтың әйелдерінің бірі қақылдағаннан кейін, Күлән солбырайып көрші бөлмеге кетті.
Таңертең ояна келген Күләннің құлағына түкпір бөлмедегі Мұраттың өктем үні жетті:
– Қатын, тұр, шай қой!
«Қатыны» кім?» - деп, көрші бөлмеге көз сала берген Күлән үнсіз тұрып жатқан Балкүмісті көрді. Күлән сілейіп қимылсыз қалды. «Балкүміс қазір жазасын берер. Есесін жібермес сөздің, оның аузын жабар» - деп пайымдады. Балкүміс бірақ жақ ашқан жоқ, ширақ қимылдап, киінумен болды. «Мұнысы несі? - деп, алабұртты Күлән Балкүміске не болған? Неге ол үнсіз? Неге ол кейінгі кезде жабырқаулы?»
Күлән шайға қарамады. Сидиған саусақтарына жарқыратып алтын сақина салған, көк жаулықты Мұраттың шешесінің:
– Шай ішіп кете ғой, қарағым – дегеніне бөгелмеді. Төргі үйде айна алдында жаңа ақ көйлегінің жағасын түзел, шіреніп тұрған Мұратпен қоштасқан жоқ. Балкүмістің басқа бөлмеде шай ыдыстарын сылдыратып әзірлеп жүргенін аужайлады да, дедектеп басып есікке беттеді.
Еттігіп автобус аялдамасына жетті. Зырлап өте берген бос таксиге жан ұшыра айғайлап тырпылдап жүгірді. Такси есігін жауып отыра бере Мұрат үйінің жабық шомбал дарбазасына бір көз тастап үлгерді. «Балкүміс қазір іздеп жатыр-ау. Менікі қате. Жалғыз неге қалдырып кеттім? Бірақ менің бір сағат артық кідіргенімнен не пайда, қашанғы бірге боламын?!»
Машина аңырайған көшеге түсіп, заулап берді. «Қыздар үйде ме екен? Бәрі бөлмеде отыр-ау?!» Күлән басын төмен еңкейтті де, өксіп-өксіп жылады. Жан-жағына бір үңіліп алып, таныс емес шоферден басқа ешкім жоқ жерде көз жасын емін-еркін ағытып алуды жөн көргендей егілді. Күлән қазір жылауды тыю қажеттігін, таксидің жатақханаға таяп қалғанын, тойдан кейін көз жасын басқаға аңғарту ыңғайсыздығын, ақырында Балкүмістің басқа үйде, жат адамдар арасында қалғанын – бәрін қабаттап есіне түсіріп үлгерді. Көз жасын тез құрғатқан ол сумкасына қол салды да, іліккен қағаздың қанша сомдық екенін де байыптаған жоқ, соны шоферға ұстата салып, сыртқа асықты. Сыртқа шығып күрсінді:
– Қайран досым?! Мен бейшара сақтандыра алмадым ғой!

Қазақтан Жазушылар Одағының мүшесі, филология ғылымдарының докторы, профессор Қуандық Мәшһүр-Жүсіп.

Сіз білесіз бе?

На протяжении многих десятилетий тайны пирамид будоражат сознание широкого круга людей: историков, археологов, путешественников, деятелей искусства. Загадочные монументальные постройки разбросаны по всему миру, и каждое сооружение отличается своей неповторимостью.



ПИРАМИДЫ: ЗАГАДКА ДРЕВНОСТИ

«О каких пирамидах вам известно?» Отвечая на этот вопрос, большинство сразу же вспомнит про египетские усыпальницы фараонов, некоторые, может быть, упомянут о пирамидах Мексики. Пожалуй, всё. Но это, как говорится, только начало. Территория распространения пирамид отнюдь не ограничивается этими двумя регионами. На сегодняшний день пирамиды обнаружены в районе Месопотамии, Китая, Италии, России, Боснии, Индии, Индонезии, Перу, Казахстана, Судана, Нигерии, Греции, Турции, Англии, Франции, Сербии и других стран. Новые пирамиды продолжают обнаруживать по всему миру. Существует даже версия, что сеть пирамид окутывает планету полностью.

ПИРАМИДЫ ДРЕВНЕГО ЕГИПТА

Действительно, египетские пирамиды наиболее известны среди всех прочих подобных строений. И недаром. Они относятся к числу величайших архитектурных памятников человечества. Расположены Египетские пирамиды среди пустынь, на участке от Каира до Фаюмского оазиса. Они представляют собой огромные, пирамидальной формы, каменные сооружения, которые в древние времена служили гробницами для египетских правителей.

Построены все пирамиды по единому принципу: предназначенные для погребения подземные камеры располагаются внутри мастаба («дома после жизни»); снаружи эти камеры обнесены высокими каменными строениями.

В Египте располагается в общей сложности более сотни пирамид – больших и маленьких, имеющих гладкую и ступенчатую формы. Наиболее известные из них находятся в районе плато Гиза, что на окраине Каира.

Пирамида Хеопса – крупнейшая пирамида Египта (ее еще называют Большой). Хеопс (или Хуфу), египетский фараон IV династии, жил в 2551-2528 гг. до н.э., поэтому, по мнению исследователей, это одно из древнейших сооружений, сохранившихся до наших времен. Нынешняя высота пирамиды составляет 137 метров.

Впечатляет грандиозность пирамиды Хеопса, она – единственное из сохранившихся до наших дней «Семи чудес света». Пирамида состоит из 2,3 млн. каменных блоков, и каждый блок в свою очередь весит около 2,5 тонн!

Наиболее распространенным является мнение, что пирамида была усыпальницей Хеопса, хотя данному утверждению противоречит целый ряд фактов, например отсутствие украшений в погребальной камере, незавершенность саркофага, проникновение воздуха внутрь пирамиды.

Пирамида Хефрена (Хафры) – вторая по величине египетская пирамида, расположенная в районе плато Гиза. Ее

возвели на 40 лет позже в 160 метрах от усыпальницы Хеопса. Высота пирамиды составляет 136 метров. Внутри пирамиды Хефрена, в ее нижней части, расположен храм, состоящий из огромных блоков гранита и имеющий квадратную форму. Вход в храм охранялся четырьмя сфинксами. По узким коридорам храма можно было попасть в зал, где находились 23 сланцевые, диоритовые и алебастровые статуи фараона. Каждая из статуй освещалась через специальное отверстие на потолке.

Практически весь объем пирамиды Хефрена занимают известняковые блоки, свободное пространство составляет всего 0,01%.

Другие египетские пирамиды, входящие в комплекс Гизы, по величине сравнительно малы. При этом помимо пирамид, расположенных в районе плато Гиза, на территории страны находится еще целый ряд пирамид. Наиболее примечательными в плане размера, помимо описанных крупных пирамид Хеопса и Хефрена, можно считать Розовую и Ломаную пирамиды (105 и 101 м высотой соответственно), пирамиду в Мейдуме (65 м) и пирамиды Джосера (62 м) и Хабы (17 м). Первые три пирамиды были возведены для фараонов, которые относились к IV династии, последние, самые древние – для фараонов III династии.

Также существует ряд других сооружений, которые не очень хорошо сохранились и порой представляют собой большие холмы и груды камней. Однако, независимо от степени состояния, все египетские пирамиды имеют неопределимое историческое значение.

ПИРАМИДЫ ИНДЕЙЦЕВ

Теотиуакан – таинственный древний город, расположенный в 55 км к северо-востоку от Мехико. В его центре находится группа из трех огромных пирамид. В самом начале центральной оси города, которую часто называют «Дорогой мертвых», расположена пирамида Луны. У другого конца оси находится пирамида Кетсалькоатля. Немного в стороне от Дороги мертвых расположена пирамида Солнца. Следует отметить, что все названия пирамид условны, ни одну из пирамид Теотиуакана не сумели даже точно датировать. По данным геологических исследований время возведения пирамид – примерно 4000 г. до н.э. В XII в. н.э. ацтеки заново открыли для

себя Теотиуакан и возродили в нем жизнь.

Другие пирамиды обнаружены в древнем мексиканском городе Тула, который долгое время считался мифическим. Из ряда найденных пирамид полностью раскопана лишь одна (обозначенная как пирамида «В»). На ее вершине расположена площадка с четырьмя гранитными столбами и четырьмя гранитными идолами, высотой 2,7 м каждый. В нижней части пирамиды обнаружены изображения ягуаров и орлов, поедающих человеческие сердца.

В расположенном к юго-востоку от Мехико городке Чолула-де-Ривадиа находится земляная пирамида высотой более 65 метров. Длина каждой стороны основания пирамиды составляет почти 0,5 км. При площади основания в 45 акров пирамида в два с половиной раза больше пирамиды Хуфу в Египте. По приблизительным оценкам, объем пирамиды составляет 3 млн м³ и вполне возможно, что она является самым массивным из когда-либо возведенных человеком сооружений.

До XVI в. Чолула-де-Ривадиа при собственном населении в 100 тысяч человек был крупнейшим объектом паломничества. В эпоху испанских завоеваний храм, находящийся на вершине пирамиды, был разрушен, а на его месте построен католический костел.

На самой границе Мехико располагается ступенчатая пирамида, которая частично была исследована еще в 20-е гг. XX в. Пирамида была погребена под слоем лавы, поэтому археологические работы затруднились. Изучившие этот слой геологи выяснили, что катастрофа произошла около 7 тысяч лет назад.

ПИРАМИДЫ МИРА

Помимо Египта и Мексики пирамиды обнаружены в ряде регионов. Так, известные с недавних пор китайские пирамиды представляют собой комплекс древних захоронений (курганов) в Китае и включают в себя около 100 памятников. Подробная информация о китайских пирамидах стала появляться с 80-х годов XX в. Наиболее известными являются курган Маолин и мавзолей императора Цинь Шихуанди. Мавзолей, при 350 метрах длины основания и 200 метрах высоты, стал местом раскопки знаменитой Терракотовой армии. Китайские пирамиды выглядят сейчас как небольшие холмы.

Известны также пирамиды Гуимар – ступенчатые пирамиды, расположенные на юго-восточном побережье острова Тенерифе, входящего в состав Канарских островов. По мнению большинства ученых, пирамиды Гуимар были созданы островными фермерами, которые при вспашке земли имели обычай складывать камни на границах полей.

Однако известный путешественник Тур Хейердал заявил, что пирамиды Гуимар – это не

просто горы булыжников. В частности, были обнаружены следующие факты: следы обработки камней на углах пирамид, земля перед строительством пирамид была выровнена, а материалом для сооружений служили не круглые валуны с местных полей, а куски лавы.

В Индонезии древний храмовый комплекс Боробудур имеет форму пирамиды. Три уровня храма символизируют три сферы местопребываний – Камадхату (сфера страстей), Рупадхату (сфера форм) и Арупадхату (сфера без форм).

В Индии также был возведен целый ряд пирамидальных храмов; некоторые храмы занесены в список ЮНЕСКО.

В Судане обнаружено более 200 пирамид, которые служили гробницами для местных царей и цариц.

В Нигерии пирамиды строились в честь бога Ала, живущего «на самом верху». Строительным материалом для них служила глина.

СТЕПНЫЕ ПИРАМИДЫ

В эпоху энеолита около 6 тысяч лет назад в степях Евразии возникает новый тип погребального обряда. Над могильной ямой сооружаются почвенно-грунтовые насыпи в виде полусферической или ступенчатой формы – так называемые курганы. Их часто именуют степными пирамидами. При этом следует отметить, что знаменитые египетские сооружения появились почти на полторы тысячи лет позже курганов.

В Западном Казахстане были обнаружены царские курганы, приковавшие к себе внимание археологов всего мира. Это самые высокие курганы на планете. Курганный комплекс «Кырык-Оба» представляет собой цепь курганов (их более 40), тянущихся вдоль трассы Уральск-Ақсай.

Высота самого большого кургана – более 20 метров. Уникальность комплекса «Кырык-Оба» состоит в том, что в мировой археологической практике еще не было случая раскопок курганов такого размера.

По отзывам ученых, сооружения «Кырык-Оба» поражают своей грандиозностью и масштабами архитектурных форм древней культуры. Исторический феномен этого комплекса не имеет в себе глобальные характеристики. О курганах Западного Казахстана говорится как еще об одном чуде света. Именно поэтому сейчас разрабатывается проект по созданию историко-культурного и природно-ландшафтного музея-заповедника под открытым небом – «Степная пирамида».

Факт создания музея-заповедника не означает, что курганы не будут исследоваться. Однако ряд ученых выступает за проведение дистанционных исследований, опираясь, в частности, на опыт англичан, которые при изучении искусственного холма Силбюри-Хилл опираются на неразрушительные методы исследования.

Дмитрий ЛАРИОНОВ



